

Ленин жұлы

ҚН(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕНШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ
ЖӘНЕ ҚН(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№189 (8649)

Сейсенбі 25 сентябрь 1945 жыл

Шығуына 27-жылы
Және оны 20 тұлға

Колхоз, совхоздарға көмек мейлінше күшейтілсін

Бүгін—егін ору, маялау жұмыстарын аяқтау және мемлекетке астық тапсыру қарқынын неғұрлым күшейту жөнінде ҚН(б)П облыстық комитеті мен облыстық совет атқомі жариялаған екпінді онкүндіктің ақырғы күні. Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздары мен МТС-тары екпінді онкүндік кезінде істің барысын едәуір жақсартты. Бірсыңра колхоздар Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысты нәрменіңше өрістетіп отырып, егін жыйнау, маялау жұмыстарын аяқтады, мемлекетке астық тапсыру қарқынын мейлінше күшейтті, сөйтіп екпінді онкүндіктің талаптарына сай жұмыс істеді.

Мысалы, Октябрь ауданындағы Ворошилов атындағы МТС комбайнмен егін жыйнау жұмыстарының жылдық жоспарын толық орындап зор табысқа жетті. Қазір МТС комбайншылары жоспардан тыс егін жыйнауда. Сол сияқты, Полудень ауданындағы «Новое поле», «Стаха новец» ауыл шаруашылық артельдерінің колхозшылары да екпінді онкүндік кезінде зор ұйымшылықпен еңбек істеудің үлгісін көрсетті. Бұл колхоздар екпінді онкүндіктің алғашқы күндері егін ору, маялау жұмыстарын аяқтап, колхоздың мемлекет алдындағы бірінші парызы—астық тапсыру жоспарын мүлтіксіз орындады.

Алайда, егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының шешуші кезеңінің аяқталып келе жатқандығына қарамастан, облысымызда істің барысы мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. Ай-

тала, егер бұл жұмыстар ойдағыдай жүргізілген болса, онда еліміздің күш-қуатын бұрынғыдан да арттырып, ел еңбекшілерінің ал-ауқат дәрежесі арта түсетіндігін жете түсіндіруге, сөйтіп ауыл-селоға үгітшілер бригадаларының жұмысын күшінің мейлінше көп жіберілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Облыс колхоздары мен совхоздарының, МТС коллективтерінің егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын партия мен үкмет қойып отырған талаптар дәрежесінде жүргізуіне көмектесудің тағы да бір түрі—демалыс күндері қала еңбекшілерінің жексенбіліктерін ұйымдастырып, бұл күндері колхоз, совхоздарда қала еңбекшілерінің тікелей егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыруда жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек. Сол сияқты, аудандық мекемелердің МТС және өнеркәсіп орындарының жұмысшылары мен қызметкерлері де бұл аса маңызды істен тыс қалмауға тиіс.

Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын тез арада аяқтау ісінде ауыл-селоға зор көмек көрсету жөнінде Петропавл қаласындағы кейбір кәсіп орындары мен мекемелердің шаруашылық ұйымдарының коллективтері игілікті іс бастады. Бұл коллективтер демалыс күндері жаппай жексенбілікке шығып, колхоз, совхоздардың жұмысына көмектеседі. Бұлардың қатарында Мамонтов жолдас директор болып істейтін завод, «Главмука» коллективтері мен басқада коллективтер бар.

Барлық күш-құрал егін жыйнау және астық тапсы жұмыстарын тез арада аяқтау жолына жұмсалсын!

Облысымыздың егін даласынды

ЕГІН ЖЫЙНАУ. Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 23 сентябрьға дейін облыс колхоздарында 256248 гектар егін орылып, жоспар 67,7 процент орындалды. Егін ору жөніндегі соңғы бір күнгі өсім 1106 гектар болды. Бұл күні Конохов, Ленин, Мамлют, Петропавл, Полудень және Совет аудандарының колхоздарында бірде-бір гектар егін орылмады. Барлық орылған егіннің 105543 гектары комбайнмен жыйналды, 103236 гектар егін маяланды. Комбайнмен жыйналғанын қоса есептегенде 130913 гектар егін бастырылды.

Егін ору жоспарын Петропавл ауданының колхоздары 77,2, Октябрь ауданының колхоздары 74,7, Соколов ауданының колхоздары 72,8 және Преснов ауданының колхоздары 70,3 процент орындады. Бұл жұмыста бұрынғыша Конохов, Булаев және Совет аудандарының колхоздары артта қалады. Бұл аудандардың колхоздарында жоспардың орындалуы 54—59 проценттен аздап ғана асты.

КҮЗГІ ЕГІС ЕГУ. Облыс колхоздарында 65594 гектар егіс егіліп, жоспар 65,5 процент орындалды. Облыс бойынша соңғы бір күнде небары 43 гектар ғана егіс

Даңқты жеңісімізге сай мол шыққан егіс бір ысрапсыз жыйнап алу және мемлекет астық тапсыру жоспарын таяу арада мүлтік орындау ісінде өнеркәсіп орындары мен мекемелердің колхоз, совхоздарға көмегін неғұрлым күшейте түсейік!

Бүгін—екпінді онкүндіктің ақырғы күні

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтың социалистік жарысқа ұштасып, егін жыйнауда үздік табыстарға ие болған мына комбайншылар облыстық астық совхоздары тресінің ұсынуы бойынша облыстық ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылады:

Николай ГРЕФ—Чистов астық совхозының комбайншысы, 30 жұмыс күні ішінде 458 гектар егін жыйнап, 378 килограмм жанармай үнемдеген.

Иван ОКУЛЕНКО—Чистов астық совхозының комбайншысы, 23 жұмыс күні ішінде 411 гектар егін жыйнап, 228 килограмм жанармай үнемдеген.

Роберт МАРКИН—Чистов астық совхозының комбайншысы, 26 жұмыс күні ішінде 357 гектар егін жыйнап, 199 килограмм жанармай үнемдеген.

Александр ГЕЙМАН—Возвышен астық совхозының комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде 489 гектар егін жыйнады.

Афанасий УЛЬМАН—Возвышен астық совхозының комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде 489 гектар егін жыйнаған.

Филипп ПОТАПОВ—Шағлы астық совхозының комбайншысы, 29 жұмыс күні ішінде 388 гектар егін жыйнап, 108 килограмм жанармай үнемдеген.

Кирилл ГАЙВОРОНСКИЙ—Совет астық совхозының комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде тіркеудегі екі «Сталинец» комбайнымен 1020 гектар егін жыйнап, 1316 килограмм жанармай үнемдеген.

Яков МЕУШИХ—Совет астық совхозының комбайншысы, 30 жұмыс күні ішінде, тіркеудегі екі «Сталинец» комбайнымен 854 гектар егін жыйнап, 1307 килограмм жанармай үнемдеген.

Николай БУЛАВКИН—Қыялы астық совхозының комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде 410 гектар егін жыйнап, 75 килограмм жанармай үнемдеген.

Григорий СТЕПАНЕНКО—Қыялы астық совхозының комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде 406 гектар егін жыйнап, 90 килограмм жанармай үнемдеген.

Иван КОРАПЕНКО—Қыялы астық совхозының комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде 406 гектар егін жыйнап, 90 килограмм жанармай үнемдеген.

Тағы да Ленин атың колхоз туралы

Біз ауылға келгенде таң ертеңгі 10-нан асқан кез еді. Қотанда бізге бригадаларының бригадирлері Кенз Нұртасов, Колхоз председатели Жүзесовші Оспанов және аудандық партия комитетінің өкілі Сәрсекеев жолдастары. Бұлардың әрқайсысы бір бедеуді мініп алып, үйден шапқылап жүр екен. Олардың айтатыны: «уақыт болды жұмысқа!» Міне бүгін колхозшылар саған дейін жұмыс істемеді, жұмысқа да ғана бара жатыр. Біздің күндегіміз осы,—деді бір москалдау колхозшысы.

Шынында да солай болу керек. Біз Ленин атындағы колхоз (Преснов) егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының барысында артта қалғандардың бірінен саясы. Мұнда 1200 гектарға тарта егіннің байымен жыйнағанын қоса есепте 514 гектары ғана орылған. Лобогре мен орылған 407 гектар егіннің 27 тары ғана майға салынған. Ал 13 гектар егін маяланбай, шөмедеде жатты. Астық тапсыру жайына келсек, колхоз жыйналған егіннен түскен 584

Мұндай жағдайда өнеркәсіп орындары мен мекемелердің шаруашылық ұйымдарының колхоз, совхоздар мен МТС-тарды қамқорлыққа алып, оларға нақтылы көмек көрсетуі—мемлекеттік ерекше маңызы бар іс. Мұның өзі егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында облысымыздың артта қалушылығын жоюда шешуші шаралардың бірі. МТС-тар мен совхоздарды қамқорлығына алып, оларға әсерлі көмек көрсетіп отырған өнеркәсіп орындары мен мекемелер жоқ емес. Мысалға двигателдер жасайтын заводты алайық. Бұл завод Приешім машина трактор станциясын қамқорлыққа алған болатын. Завод коллективі МТСқа үгітшілер бригадаларын, мәдениет бригадалары мен көшпелі мастерскоялар және бірнеше токарьлар слесарьлар жіберді. МТСқа жіберілген бригадалар мен көшпелі мастерскоялардың жұмысының мәнінде жақсарту арқылы олардың ауыл шаруашылық жұмыстарын жүргізуде МТС коллективіне ойдағыдай көмек жасауын қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде қазір Приешім МТСы егін жыйнау озаттарының қатарына қосылды.

Облысымыздың партия, совет және комсомол ұйымдарының жер орындарының алдында тұрған міндет—колхоз, совхоздардың егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын ойдағыдай жүргізуіне зор көмек көрсетіп отырған өнеркәсіп орындары мен мекемелердің шаруашылық ұйымдарының бұл сынды игі жақсы тәжірибесін жұртшылықтың игілігіне айналдыра білу болып саналады. Партия, совет ұйымдары өнеркәсіп орындарының колхоз, совхоздар мен МТС-тарды қамқорлыққа алуын кең өрістетіп, бұл жұмысты бүкіл халықтық іске айналдыруға тиіс. Өнеркәсіп орындары мен мекемелердегі партия, комсомол ұйымдары жұмысын, қызметкерлер арасында үгіт-көшілік жұмыстарын кеңінен өрістетіп, оларға егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының мемлекеттік ерекше зор маңызы бар екендігін,

ШИБАЕВ ПЕН ВОРОНОВТЫҢ РЕКОРДЫ

Киров заводының пәтер үй құрылысын да жұмыс істеуші Шибает пен Воронов жолдастар өндірістік тамаша рекорд жасады. Олар бір сменада 90 тонна балшық

ҚҰРЫЛЫС АСПАПТАРЫНЫҢ КОМБИНАТЫ

Гомель облысындағы Речина қаласында кәсіп орындарының үйлері мен пәтер үйлерді қалпына келтіруге керекті құрылыс аспаптарын жасайтын комбинаттың құрылысы басталды. Электр станциясы, ағаштан, тақтайдан аспап жасайтын және

Бізге бұдан бұрын ұйымдастырылған жекесенбіліктерде колхоз, совхоздарға тек барып қайтумен ғана тынып, онда жұмысты нашар істеген, берілген тапсырманы орындамай, қабілетсіздік көрсеткен коллективтер де жоқ емес.

Облыстың партия, совет, комсомол ұйымдарының бүгінгі таңдағы айбынды міндетінің бірі—қала еңбекшілерінің ауыл-селоға көмегін барған сайын күшейту, кәсіп орындарының колхоз, совхоздар мен МТС-тарды қамқорлыққа алып, оларға қосалқы бөлшектер жасап беру, көшпелі мастерскоялар жіберу арқылы көмек көрсетуін кеңінен ұйымдастыру болып саналады. Жергілікті партия, совет ұйымдары мұндай көмекті ұйымдастырумен қатар, ауыл-селоға жіберілген жұмысшы күшінің, үгіт және мәдениет бригадаларының жұмысты қалай істеп жүргендіктерін күнбе-күн бақылап отыруға тиіс. Олар жұмыстың барысын бақылап қана қоймай, ауыл-селоға жіберілгендердің өнімді жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасайтын болсын. Қала халқының ауыл-селоға көмегін күшейту ісінде облыстық, қалалық атқару комитеттерінің жанындағы жұмысшы күшін мобилизациялау бөлімдері де зор роль атқаруға тиіс.

Өнеркәсіп орындарының, мекемелер мен шаруашылық ұйымдарының егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында колхоз, совхоздарға көмегін мейлінше күшейту—бұл жұмыстардың бүгінгі таңдағы міндеттер дәрежесінде, ойдағыдай жүргізілуін қамтамасыз ететін аса маңызды шаралардың бірі. Ауыл-селоға көмектесу ісіне белсене қатысу—еңбекшілерінің ардақты борышы, аброй-лы ісі.

Даңқты жеңісімізге сай мол шыққан егінді ешбір ырапсыз жыйнап алу және мемлекетке астық тапсыру жоспарын таңа арада мүлтіксіз орындау ісінде өнеркәсіп орындары мен мекемелердің колхоз, совхоздарға көмегін неғұрлым күшейте түсейік!

қазды. Бұл балшықты тасуға 6 вагон көрек.

Шибает пен Воронов жолдастар бір сменада пәтер үйдің бірінші атажының кірпішін қалап бітірді. (ТАСС).

тақтай тілетін цехтар қазірдің өзінде да-йым болды. Комбинат жылына 200 мың шаршы метрдей құрылыс аспаптарын жасайды және 10 мыңдаған текше метр тақтай тіледі.

(ТАСС).

ның колхоздары 81,9 және Преснов ауданының колхоздары 80,2 процент ғана орындап отырса, Приешім және Совет аудандарының колхоздарында жұмыс қарқыны бұдан да баяу болып отыр. Өйткені бұл аудандардың колхоздарында жер-тардың тең жартысы да орындалған жоқ.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. Облыс колхоздарында 30795 гектар зябь жыртылды. Бұл—жоспардың 7,5 проценті. Зябь жырту жөніндегі облыс бойынша бір күнгі өсім—179 гектар болды. 22 сентябрьде Конюхов, Ленин, Мамлют, Полудень және Совет аудандарының колхоздарында бірде-бір гектар зябь жыртылмады.

Зор көмек көрсетілді

Жуырда Петропавлдағы «П»ейник» артелінің коллективі Петропавл элеваторына көмекке келді. Көмекке келгендер өздеріне тапсырылған жұмысты өте-мөте тыңғылықты түрде аяқтап шықты.

Әресе Брюхова, Саврыгина, Бевзенко, Спиридонова, Панеева және Парамонова жолдастар астықты аударыстыруда аябай жұмыс істеді. Олар 3 сағаттың ішінде 120 тонна астықты бір орыннан екінші орынға аударыстырып, жанадан қабылданатын астыққа орын босатты.

М. ТИМОФЕЕВ.

Сталин атындағы колхоз (Соколов ауданы) өткен жылы шаруашылықтың барлық саласында артта қалған колхоздың бірі еді. Быйыл колхоз мүшелері Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарысқа ұштасқанда колхозды озаттар қатарына қосуға міндеттеніп, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алған болатын.

Колхоз мүшелері алған міндеттемені ойдағыдай орындау ісін көктемгі егісті дер кезінде саналы аяқтаудан бастады. Олар егісті жаз бойына ұқыпты түрде баптап кетті. Осының нәтижесінде быйыл колхоз бітік егін өсірді.

Колхоз мүшелері дүние жүзілік екінші соғыстың біздің толық жеңісімізбен аяқталып, бейбітшілікпен даму дәуірінің басталуын колхоз өндірісіндегі зор табыстар мен мерекелерді. Қазір колхозда егінді оруды жөндеу жұмыстары аяқталуға жуықтады. Колхозшылар астық тапсыруды күшейту, егін оруды мен майлау жұмысын аяқтау жөніндегі онкүндік кезінде іске білек сыбана кірісті. Мәселен, Степана Шунихина, Елена, Алексей Медведев әрқайсысы қол орақпен күн сайын 0,70 гектар егін орып жүр.

Палобин машина-трактор станциясының комбайншысы Григорий Малевский жолдас колхоздың егін даласына келгені

жұмыс тапсырмасын үнемі артық орындап жүр. Ол егін жыйнау кезінде «Сталин» комбайнымен 235 гектар егін жыйнап, 70 килограмм жанармай үнемдеді.

Колхозшы әйелдер қырмандағы астықты кентіріп, дайындау орнына қолма-қол жөнелту жұмысын тікелей өз қолдарына алды. Екатерина Менщикова, Наталия Назарова, Пелогей Черепанова жолдастар күн сайын 30 центнер орнына, 50 центнер астық тазартады. Бірсыпра әйелдер күндіз астық тазарта, түнде астық тасу жұмысына қатысады. Колхоз қырманда жұмыс күні-түні бірдей үздіксіз жүргізіледі.

Қазір колхозшылардың мақсаты—колхоздың мемлекет алдындағы бірінші парызын мүлтіксіз орындауына барынша белсене қатысу болып отыр. Өйткені колхоз мүшелері мемлекет алдындағы бірінші парызды өтеу—зор аброй екендігін жақсы біледі. Астық тапсыруды күшейту және егін оруды мен астық бастыруды аяқтау жөніндегі онкүндіктің алғашқы күндерінде барлық егіннің 82 проценті орылды. Қазір мемлекетке астық тапсыру жоспары 70 процент орындалды. Сөйтіп Сталин атындағы колхоз егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жөнінде ауданда бірінші орынға ие болды.

Н. ХАМИДУЛЛИН.

гектар ғана күзгі егіс егілді, 500 орнына. 40 гектар ғана зябь жыртылды. Күзгі егіс егуге және зябь жыртқыш күші мүлде қосылмаған. Сол зябь жыртуға бөлінген трактор, болмашы себентермен тоқтап тұр. тордың кейде суы, кейде майы да жеткізілмей қалуы көп кездесе

Колхозда егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстары ған олқылыққа ұшыраса, зябь жыртқыш күші егіс егілмей жатса, бұл іс ізден жатудың қажеті жоқ. мұның дәлелі жоғарыда ыспатталғанда еңбек төртібі бәсеңдеген. тың көп басталып, ерте тоқталуына айналған.

Мұнымен бірге, колхоз басшы колхоз өндірісінде аябай жұмыс жүрген колхозшылардың іс-тәжірибесін игілігіне айналдырмайды. Мәселен, лобогрейкашы Нұрғолдас күнсайын 4 гектар орнып, гектар егін орып жүр. Ол егін шыққалы 130 гектар егін орды. Оқты, төмелеші Құсайынова, Жәңгіл және Тұралиа жолдастар да шын ісінде еңбек ерлері. Бұлар күнделік мөлшерін үнемі 200-250 процент дайды. Не пайда, артта қалған еңбекшілердің осындай озаттар қатарына қосылуы үшін ат салысып жүрген колхоз басшылары жоқ. Б. ЕЛЕУС

С О В Е Т Т Е Р О Д А Ғ Ы Н Д А

УКРАИНАНЫҢ ҚАНТ ЗАВОДТАРЫ

Украинаның қант заводтарын жөндеу және оларды қалпына келтіру жұмыстары аяқталуға жуық. Жаңа маусымда мұнда 142 завод жұмыс істейді. Республиканың Лохвицкідегі Сталин атындағы ең ірі заводы қалпына келтірілді. Бұл завод бір тәулікте 16 мың центнер қызылшаны қайнатып шығарады.

Каменец-Подольскі, Винница, Полтава қант трестері қазірдің өзінде жаңа өнімнен 2 мың центнердей қызылша алды. Быйылғы жылы Украинаның тамақ өндірісі өткен жылмен салыстырғанда қызылшаны екі есе көп қайнатып шығармақ. (ТАСС).

ЛЕНИН МАВЗОЛЕЙІ АШЫЛДЫ

16-сентябрьде Ленин Мавзолейінің есігі төрт жылғы үзілістен кейін қайта ашылды.

Күндіз Қызыл Алаңға мыңдаған москвалықтар жыйналды. Мұнда Қызыл Армияның жауынгерлері, жұмысшылар, инженерлер мен қызметкерлер болды. Мұнда балаларын көтеріп аналар да келді. Халық Владимир Ильичтің табыты жағынан өтті.

Алғашқы күні Мавзолейде 10 мыңнан аса адам болды. (ТАСС).

«КИРОВ» КРЕЙСЕРІНДЕ КЕМЕ МЕРЕКЕСІНЕ ӘЗІРЛІК

Қызыл тулы Киров крейсері өзінің дәстүрлі мерекесіне әзірленуде. Бұл мереке 26-сентябрьде өткізіледі. Бұдан жеті жыл бұрын бұл күні, крейсер тұңғыш рет соғыс-теңіз жалауын көтерген болатын. Қазірде қызыл флотшылар мен әңгімелер өткізілуде. Оларға крейсердің тарихы, оның жауынгерлік дәстүрлері туралы әңгіме айтылады.

Крейсердің тарихы Тамаша қаласын қорғауға байланысты. 1941 жылы «Киров» крейсері Эстония астанасына тап берген неміс әскерлеріне зеңбірекпен несеретте оқ жаудырып, оларды зор шығынға ұшыратқан болатын. Қолға түсі-

рілген гитлершілер крейсерден жаңбырша жауған снаряд немістерді тозғындатып, олардың ұрыс жоспарларын іске асырмай тастағандығын айтты. Крейсер Тамаша маңында болып, Эстония астанасы еңбекшілерінің көшуін бүркемеледі.

Кировшылар Ленинградты қорғауда да батырлық көрсетті.

Неміс фашист басқыншыларға қарсы ұрыстарда сіңірген ерекше еңбегі үшін «Киров» крейсері Қызыл Ту орденімен наградталды. Кеменің көптеген адамдарына үкмет наградасы берілді.

(ТАСС).

«ӘУЕ СОҒЫСЫНЫҢ ДӘПТЕРІ»

Ленинград соғыс өлкесінің Н. авиация бөлімінің 1943 жылғы май айында «Әуе соғысының дәптері» жазыла бастаған болатын. Осы бөлімнің ұшқыштары өткізген әуе соғыстарының 500-ден аса үлгісі мен сыйпаттамасы жыйналды.

Бұл авиация бөлімінде әуе соғысының тамаша шеберлері Советтер Одағының Батыры атағын екі рет алған Покрышев, даңқты ұшқыштар Серов, Ермаков тағы басқалары тәрбиеленді. «Әуе соғы-

сының дәптеріне» даңқты ұшқыштардың ерлік істері жазылды.

Дәптерде әуе ұрыстары мен жеке шайқастар жөнінде қысқаша түсінік жазылған. Бұл документтерді қазір жас ұшқыштар оқым жүр. Штат офицерлері мен даңқты ұшқыштар әуе соғысының әдісі жөнінде жаңа тақырыптар жазуда. «Әуе соғысы дәптерінің» үшінші томын жазу жұмыстары жүргізілуде. (ТАСС).

УНИВЕРСИТЕТТІ БІТІРГЕНДЕРГЕ БЕЛГІ ТАПСЫР ҚАРСАҢЫНДА

Ленинградта университетті бітіргенге белгі тапсыруға әзірлік жұмысы талды. Үкметіміздің қаулысы бойынша белгі 1918 жылдан бері еліміздің университеттерін бітіргендердің барлығына берілді.

Университеттің проректоры проф. Виноградов ТАСС-тың тілшісімен әңгіме кезде мынаны айтты:

—Біз ширек ғасыр бойы жыйнақталған архивтерді қарауға тура келді. Р.циядан кейінгі, бастапқы жылдарда жұмысы мұқият жүргізілмегендіктен оған қосымша мәліметтер жыйнауға болып отыр.

Алдың-ала есеп бойынша, 1918-дан университетті бітірген 25 мың адам университетті бітіргені үшін ісін ала алады.

Совет өкметі кезінде университетті бітіріп шыққандардың ішінде ең алғашқы ғалымдары партия және лекет қайраткерлері, дипломатия қызметкерлері тағы басқалары бар.

Талаудағы күндерде университетті бітіріп шыққандарға белгі беруге кірісе (ТАСС).

ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА

Қысқа үлгілі әзірленуде

Өнеркәсіп орындарының қысқа толық еудің зор маңызы бар. Өйткені жұмыс қысқа дейін ойдағыдай жөн-жылжытылса, жұмысшылардың бө-тапсырманы мүлтіксіз орындаула-мүмкіндік туады.

Лахов жолдас директор болып істей-ақ коллективті мұны жеті ұғынып, а әзірлік жұмыстарын ойдағыдай істеді.

Ортов жолдасы басқаруындағы цех-ақ әзірлік жұмыстарын жақсы жүр-геді. Мұнда терезелер мен есіктерді-оп, жылыту үшін екі адам бөлінген. цех үшін қысқа дейін толық жөн-болмақ.

Сол сияқты шеберлер Шаповалов және Ковалева жолдастардың басқаруындағы цехтарда да қысқа әзірлік жұмыстары ой-дағыдай жүргізілді. Бұл цехтардың іші-ағартылып, пештері жөнделді. Қазір бұл цехтар қысқа толық әзір отыр.

Мұнымен қатар завод жұмысшылары тұратын жатақханалардың қысқа толық әзір екендігін атап айту керек. Жатақха-наға бөлінген екі үйдің екеуі де сыла-мып, ағартылды, пештері қайта салы-нып, кейбіреулері жөнделді. Қазір жатақ-хана үйлерінің есік-терезелерін жөндеу жұмысы да аяқталуға жуық.

Ә. СМАҒҰЛОВА.

ӨНІМДІ ЕҢБЕК

Заводдың Шальных жолдас бастық-а істейтін цехтың жұмысшылары іс-қа барлық ішкі-мүмкіншілікті пай-ып, сентябрь айының 20 күндік істік жоспарын өлеуір артық орын-сөйтіп облыс МТС-тары үшін жоспар-ғыс 4 мың сомның қосалқы бөлшек-жасап шығарды. Петренко жолдас-басқаруындағы цех жұмысшылары да-сбры айында зор табыстарға ие болу-ісх тапсырманы 105-130 процентке-орындауға жетісті.

Дардан Андреев жолдас басқарған-ақ коллективті де қалысағын емес. жұмысшылары социалеттік жарыс-поғары ұстап, сентябрь айының өн-ік жоспарын мерзімінен бұрын орын-індеттенді.

Жұмысшылар бұл сәттің аброймен

орындау үшін күресіп, 20 күндік жоспар-ты толық орындады. Быкова жолдас бас-қарған комсомол-жастар бригадасының мүшелері де еңбек өнімін барған сайын арттыруда. Олар жұмыс мөлшерін үнемі 200 процент орындап келеді.

Быкова жолдасы басқаруындағы ком-сомол-жастар бригадасының мүшелері тарихи жетістікке жетіріліп, еліміздің күш-қуатын бұрынғыдан да арттыра тү-су үшін вахтаға тұрып, тапсырманы үне-мі 140 процент орындауға жетісті. Вах-таның алғашқы күні комсомол мүшесі-Степанова жолдас жұмыс тапсырмасын 250 процент орындады.

Завод коллективі Қазақстанның 25 жылдық мерекесін өндірістік жаңа табы-тармен қарсы алу үшін күш жұмсауда.

А. КАБАЕВ.

Міндеттеме мерзімінен бұрын орындалды

Тропаев қаласындағы «Екінді» кол-підер артельдің жұмысшылар кол-піві мереке алдындағы социалеттік-сқа ұштасып, сентябрь айының 20-к өндірістік жоспарын толық орын-Олар жоспардан тыс көптеген көп-қолды бұйымдар өндірілі міндетте-аған болатын. Олар міндеттемені-тауда көрнекті табыстарға жетті, а күнделік жұмыс тапсырмаларын 130 процент орындады.

Шопова жолдас басқарған киім тігу-цехының жұмысшылары социалис-тарыста аяған міндеттемелерін орын-дажырлы еңбек істеді. соның нәти-де сентябрь айының 20 күндік жұ-

200 процент орындайды.

Бас киім тігушілер цехының коллекти-ві екі есе, жігермен еңбек істеп күнделік жұмыс тапсырмаларын 140-150 процент-ке дейін орындады.

Ханров а жолдасы басқаруындағы комсомол-жастар бригадасының мүшелері Қазақ ССР-ның 25 жылдық мерекесін жа-на табыстармен қарсы алу үшін жұмыс-уақытымен санаспай еңбек істеп, күнде-лік жұмыс мөлшерін 2-3 есе орындап жүр.

Артельде үгіт-көшілік жұмысы шын-мәнінде жүргізілуде. Айына екі рет қа-бырға газеті мен листоктар үнемі шығары-лады. Онда өндіріс жұмысының барысы

Лондондағы совет елшілігінде баспа сөз өкілдерінің конференциясында В. М. Молотов жолдастың сөзі

ЛОНДОН, 19 сәуірі. (ТАСС). 18 сәуірде Лондондағы совет елшілігінде Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов баспа сөз өкілдерінің конференциясын шақырды. Конференцияда 60тан аса ағылшын және шет ел журналистері болды. Баспа сөз өкілдерінің бұл конфере-циясы туралы төменде толық есең бер-еміз.

В. М. Молотов жолдас жыйналған жур-налистерді құттықтап, сұрауларға жауап беретіндігін білдірді.

Сұрау: Совет өкілдері мәслихатқа Гре-ция мәселесі туралы талап тапсырдыма? Тапсырған болса, оның мазмұны қандай?

Жауап: Мен мұны жоқ демеймін, бі-рақ документтің мазмұны туралы бұл жер-де айтып жатудың қажеті болар ма екен. Грециядағы жағдай туралы Совет Үкме-тінің пікірін Сіздер онсыз да жақсы біле-сіз.

Сұрау: Триест мәселесі жөнінде Совет-тер Одағының көзқарасы қандай?

Жауап: Бұл туралы күн ілгері айту-дың қажеті жоқ. Бүгін Сыртқы Істер Ми-нистрлерінің кеңесінде бұл мәселе тура-лы Югославия өкілдерінің пікірі тыңдал-ды. Мұнан кейін Италия өкілдерінің пікі-рін тыңдамақпыз. Мұнан соң бізге бұл мәселе жөніндегі көзқарасымызды белгі-леу оңайырақ болады. Югославия мен Италия арасындағы даулы мәселеде совет өкілдерінің өз көзқарасын жақтайтыны түсінікті. Олай болса, хорваттар мен словендер мекендеген жерлер Югославия-да болу керек. Бәріміздің ортақ жауымыз-ға қарсы одақтастар жағында қаһарман-дықпен соғысқан Югославия өзінің бұл мәселе жөніндегі пікірін, тиісінше хұрмет көрсетілуін талап етуге толық праволы екенін тану қажет.

Сұрау: Құрама Штаттар мен Англия-ның Румыния, Болгария және Венгрия үкметтеріне көзқарасы туралы өзіңіздің пікіріңізді айтпасыз ба?

Жауап: Мұны міндетіме алғым кел-мейді. Бірақ, Сіздер тілессеңіз, мен Совет Үкметінің бұл мәселе жөніндегі көзқара-сын айта аламын. Румынияда, Болгария-да және Венгрияда, бұл елдердің халық-тарының басым көпшілігі сенетін демо-кратияшыл үкметтер бар. Бұл мемлекет-терде демократияшыл үкметтер құрылған-ға дейін тәртіп, тыныштық болмай келді. Қазір онда тәртіп және тыныштық орна-

ды. Мұның өзі халықтың өз тілегін білді-руіне мүмкіншілік береді. Жаңа парла-менттер жаңа үкметтің составын қалай өзгертуді және қалай жақсартуды ойлас-тырады. Парламенттердің бұл тілегіне еш-кім бөгет жасағысы келмес деп ойлай-мын.

Сұрау: Сайлау тізіміне тек бір саяси партияның кандидаттары енгізіле ме?

Жауап: Бұл елдердің сайлау заңдары бойынша кандидаттардың тізімдеріне бір-неше саяси партиялардың өкілдері енгі-зіледі.

Сұрау: ССРОда сайлау қашан өткізіле-ді?

Жауап: Жуық маңда.

Сұрау: Бұрынғы Эритрея отары тура-лы мәселе жөнінде Советтер Одағының көзқарасын білдіре аласыз ба?

Жауап: Италия отарлары туралы мәсе-ле қазіргі уақытта талқылануда. Совет-тер Одағының бұл мәселеге мүдделес екенін жасырмаймын.

Сұрау: Советтер Одағының Триполита-ния жөніндегі талабы тақырыпты «Нью-Йорк геральд трибюн» газетінің хабары туралы пікіріңізді айта аласыз ба?

Жауап: Бұл хабарда шындықтың үле-сі бар. Бірақ, қазір мен бұл мәселе тура-лы пікірімді айтуды кейінге қалдыра тү-рамын. Мәселе әлі талқылануда.

Сұрау: Қырым Конференциясының Греция мәселесі жөніндегі қарарларын одақтастар орындап отыр деп есептейсіз-бе?

Жауап: Қырым Конференциясында Греция мәселесі сөз болған жоқ, сондық-тан ол туралы ешқандай қарар шығарыл-ған жоқ.

Сұрау: Мен азат етілген елдердің бә-рінде демократияшыл үкметтер құру ту-ралы қарарды айтамын.

Жауап: Совет Үкметі, Грецияда демо-кратияшыл үкмет негүрлым тез құрылса, Грецияның өзі үшін де, сол сияқты одақ-тастар үшін де солгүрлым жақсы бола-ды деп есептейтіндігіне сенуіңізге болады.

Сұрау: Италияның бұрынғы отарлары-ның өкімшілік орындары жөнінде орыс-тардың көзқарасы қандай? Советтер Ода-ғы Біріккен Ұлттардың жеке мемлекет-терге бірігіп қамқорлық ету принципі-н қолдай ма немесе жеке қамқорлық ету принципінің қолдай ма?

Жауап: Сан-Франциско Конференция-

Халықаралық шолу

Сыртқы Істер министрлері кеңесінің Лондонда болып жатқан мәжілісіне шетел-баспа сөзі ерекше назар аударып отыр.

Қазіргі уақытта кеңестің Италиямен, Финляндиямен және Румыниямен бітім-шартының жобасын әзірлеу ісімен шұғыл-данып жатқандығы жұртқа мәлім. Шет-елдің кертартпа газеттері министрлер ке-ңесінің жұмысында кездесіп отырған қы-йыншылықтарды одақтастар арасында алауыздық тууының ықпалтамасы деп көрсетуге тырысып, бұл тақырыпты со-вет еліне қарсы нәсихатты өршіту үшін пайдалануда. Адал ниетті баспа сөз егер мәжіліске қатысушылардың бәрі Қырым және Берлин Конференцияларының қара-рын негізге алатын болса, министрлер кеңесі жұмысының ойдағыдай нәтиже бө-ретіндігіне сенім білдіруде.

Лондондағы совет елшілігінде баспа-сөз өкілдерінің конференциясында В. М. Молотов жолдастың сөйлеген сөзіне шет-ел баспа сөзі орасан зор көңіл бөліп-отыр. В. М. Молотовтың мәлімдемесін та-зеттер ұлы мемлекеттердің Лондондағы мәслихатында талқыға салынып жатқан мәселелер жөнінде Советтер Одағының үс-таған айнымас бағытының белгісі деп-таныйды. Бұл бағыттың барлық елдерде демократия ісін қорғауға негізделгендігін және ұлы мемлекеттердің бірлесіп қабыл-даған қарарларынан туып отырғандығын айта кету керек болады.

Балканның және Еуропаның Оңтүстік-Шығысының демократияшыл елдері қазір-дақты күндерді бастап өткізуде. Югос-лавияда, Венгрияда, Болгария мен Румы-нияда таяу арада бұл елдердің халық-парламенттеріне сайлау болады.

Болгарияда сайлау 18 ноябрьге бел-гіленді. Сайлауды және сайлау алдында-ғы науқанды өткізудің «демократияшыл емес шарттары» жөнінде Болгариядағы, сондай-ақ елден тыс жердегі кертартпа топтардың жала жапқанына қарамастан, мәселесі шын тұрғыдан қарайтын әр адам-ға Болгарияда мұндай демократияшыл сайлаудың бұрын ешқашан да болып көр-мегендігі әбден айқын. Болгария мен-отан майданы үкметінің былығы июль-нің бас кезінде қабылдаған жаңа сайлау-заңы болгардың 19 жасқа толған барлық-ер-әйел азаматтарына сайлау пұрсатын береді. Фашистік әрекет істегені үшін сотталған және азаматтық пұрсатынан айрылған тек ат төбеліндей бір аз-адамдардың ғана сайлау пұрсаты болмай-ды. Жастар, әйелдер, әскери қызметкер-

Югославия сайлауын қорғауға тырысу-да. Олар Югославия халқының 60 про-центінің сайлау пұрсаты жойылдығы-мен мәлімдейді. Шынында Югославияның жаңа сайлау заңы бойынша сайлаушы-лар саны үш есе өсіп отыр. Болгария-да ғ а ғ ы д а й сияқты Югославияның с а й л а у з а ң ы 18 жасқа-толған әйелдер мен жастардың, әскери қызметшілердің сайлауына және сайлауына мүмкіндік береді. Отанға қы-пат өткен, басқыншыларға ашықтан-ашық көмектескендер ғана сайлау пұрса-тынан айырылған. Югославияның халық-майданы жақын арада сайлау алдындағы үндеуін жариялады. Бұл үндеуде ол сайлаушыларды демократияшыл құрама-лы, республикашыл Югославия құруға, Югославияның тең пұрсатты халықтары-ның туысқандығы мен бірлігін нығайту-ға шақырды. Халық майданына қарай-тын демократияшыл партиялар өздерін жақтаушыларды халық майданының сай-лау программасын қолдап, оның канди-даттарына дауыс беруге шақырды.

Венгрияның уақытша ұлт жыйылысы-да жақын арада жаңа сайлау заңы бө-кітті. Таяу арада Венгрия да парламент-ке («ұлт жыйылысы») демократияшыл сайлау өткізбек. Венгрияның сайлау за-ңы жалпыға бірдей төте, жасырын және-тең дауыс беруді көздейді. Венгрияның 20 жасқа толған барлық азаматтары сай-лай және сайлана алады. Елдегі саяси және соғыс қылмысшылары ғана сайлау-ға қатыстырылмайды.

Сайлау алдындағы науқанға байланыс-ты, ел ішінде бұрын болып көрмеген зор-орлеу өріс алды. Будапештегі сайлау ал-дындағы жыйылысқа қатысушы кәсіпші-лер одақтарының мүшелері Венгрияда бұрын ешқашан да мұндай демократия-шыл сайлау заңының болмағандығын атап көрсетіп, кәсіпшілер одақтарының мүшелерін сайлауға белсене қатысуға ша-қырды.

Таяу арада Румыния да сайлауға кірі-седі. Қазір бүкіл елде өткізіліп жатқан жыйылыстар мен жыйындарда Румыния халқы аз уақыт ішінде бүкіл халықты-топтастырып, оны елдің алдына қойыл-ған шаруашылық міндеттерді орындау ісі-не жұмылдыра білген доктор Петре Гроза бастаған бірлескен демократияшыл үкмет-ке сенім білдіріп отыр. Мұнымен қатар, жыйылысқа қатысушылар алауыздық ту-ғызуға және елді демократияшыл даму-жолынан тайдыруға тырысушы. Маниу-чен Радеску тобындағы румын кертарт-

Салықты толық өтеді

ауданындағы «Страна советов» уаңшылық артелінің мүшелері қарсы соғыста қол жеткен сай қажырлы еңбек істеуге мен қатар, мемлекет салықтарын аржыларды мерзімінен бұрын міндеттенген еді.

сөхосындар арасында салықтар

дың әртүрін мемлекетпен есеп айырысу ісі қыза түсуде. Колхоз мүшелері Иван Ципкаленко, Иван Дорофеев жолдастар мемлекет салықтарын қазірдің өзінде толық тапсырды. Сол сияқты Платон Трифонов, Гузеева, Бравченко және Колин жолдастар да мемлекет салықтарын толық өтеуге жуық.

Аңшыларға сыйлық берілді

ы жылы облысымыздың аңшы-аулау және мемлекетке аң тері-сыру жоспарын мерзімінен бұ-дады. Осыған байланысты, р депутаттарының облыстық ару комитеті тандауы 40 аң-алы сыйлықтар тапсырды. Аң

аулау жұмысында аңшылар ұйымына белсене көмектескен бір қатар аудандық партия және совет ұйымдарының басшы-ларына да сыйлық берілді. Мұнымен қатар, әрбір аңшы бағалы сыйлықтан тыс әрбір тапсырылған қасқыр терісі үшін бір қозы алды.

Мөнша салынып жатыр

еттік 52- құрылыс мекемесі бы-ылы жаңа мөнша құрылысын. Қазір мөнша үйінің қабырға-лып болуға таяу. Мұнымен бір-

ге, су ысытатын қазан орнату және моп-шаның еденін салу жұмыстары да қолға алынды.

Кітаптар көрмесі

ақ партия оқу үйінде Қазақ ССР жылдық мерекесіне арналған кі-өрмесі ұйымдастырылды. О-біздің заманымызға дейінгі Қа-ның тарихы, 1916 жылғы көтері-семі Аманкелді Иманов, Советтер-и Батыры Мәлік Ғабдуллин тура-

лы қазақ тілінде жазылған кітаптар, очерк-тер, Отан соғысының батырлары туралы шығармалар, қарт ақын Жамбыл Жабаев-тың өлеңдер жыйнағы және басқа да шы-ғармалар бар.

Ө. АЙСИНА.

Екі қасқыр соқты

ла Преснов ауданындағы «Крас-на» колхозының председатели-ов Қари, колхоз қой фермасына-екі қасқырды атпен қуып соғып-манжолов жолдас соғылған қас-

қырлардың терісін дайындау орнына тап-сырып, сыйлыққа екі қой және көп кезде-ме шай, қант алды.

С. ШӘЙМЕРДЕНОВ.

ІРІ ҰТЫС

екеттік банктің Приешім аудан-дімінің бұрынғы қызметкері Ма-ггорьевна Балаш Мемлекеттік Екін-

ші соғыс ұтыс Қарызының 100 сомдық-облигациясына 50 мың сом ақша ұтты.

Астың ұрлаушылар жазасын алды

ла Октябрь аудандық халық со-ябрь ауданындағы «13 жылдық»-нда тұрушы Жұмысов Баймыр-қымысты ісін қарады.

Бұйың және Преснов ет совхозында тұ-рушы М. Вокарева мен А. Мелехованы мемлекет астығын ұрлағаны үшін 3 жыл-тұтқында ұстауға үкім шығарды.

пұт астық ұрлап, сатпақшы бол-лық соты Жұмысовты колхоз асты-заң, қылмыс істегені үшін бес-бас еркін айыруға деп үкім-ы.

Приешім МТСның комбайншысы Петр-Карандасов егін соғып жүріп, 27,5 кило-грам астық ұрлаған. Приешім аудандық-халық соты Петр Карандасовты бұл қыл-мысы үшін бес жыл тұтқында ұстауға-деп үкім шығарды.

ла Преснов аудандық халық со-ның соты колхозында тұрушы

ында дұрыс қарым-қатынас болуын тіле-меді. Оның үстіне, бір жағынан ССРО,-Ұлы Британия және АҚШ, екінші жағы-нан Румыния арасында уақытша бітім-шарттарын Румыния үкіметі аталдықпен-орындап келеді. Румынияның бұрынғы-үкіметі мұны істемеді.

Румыния мен Болгарияда үкіметке-жұрттың бәрі бірдей риза емес деседі. Бірақ, дүние жүзінде жұрттың бәрін риза-қылатын үкіметтер болуына күмәнім бар. (Күллі). Мұнымен бірге, бейбітшілік ісі-нің мүдделерін ескеретін болса, ішкі сая-сат жөнінде де, сол сияқты сыртқы сая-сат жөнінде де біздің Румыниядағы, Бол-гариядағы және Венгриядағы демократия-шыл үкіметтерге қояр кінәміз жоқ.

Румынияда кезінде Гроза үкіметі құрыл-ды, Маниу мен Братіанудың саяси топта-ры бұл үкіметтерге қатысуға шақырыл-ды. Бірақ, олар өздерінің елдегі саяси-салмағына мүлде сай келмейтін көп орын-беруді талап етті. Гроза олардың тала-бын, әрине, орындамады.

Біз, совет адамдары, үкімет составын өз-герту өте тығыз, толғағы піскен мәселе-болып отырған мемлекеттер бар деген пі-кірдеміз. Бірақ, біздіңше мұндай мемле-кеттердің қатарына Румыния да, Болгария-да қосылмайды.

СҰРАУ: Қандай үкіметті айтпақсыз?
ЖАУАП: Ойлауға мұрша беріңіз. (Күл-кі).

Менің білуімше, жақын арада Румыния-мен Болгарияда, сол сияқты Венгрияда-ұлттық сайлау өткізіледі. Бұл сайлау ке-зінде, демократияның елдердегідей жасы-рын дауыс беру жолымен жалпыға бір-дей тең сайлау правосы жүзеге асырыла-

талқылаудамыз. Жеке мемлекеттеріміз-де-қорлық етудің немесе оларды басқаруға-мандат алудың тәжірибесі жұртқа мәлім. Мен бұл тәжірибе барлық жерде жақсы-болды демекші емеспін. (Күллі), бірақ-дегенмен мұндай тәжірибе-бар. Бірігін қамқорлық етуді-алатын болсақ, бұл принципті дү-рыс деп айтарлық мысалдар әлі болған-жоқ. Біздің алдымызға Италия отарлары-жөнінде не істеу керек деген мәселе ко-йылып отыр. Бірігін қамқорлық ету-принципін алғаш рет қолдану туралы-сөз болып отырғандықтан, біз өте-мөте-сак болуымыз керек дегенді жөні бар. Бұл-принцип әлі іс жүзінде қолданылған жоқ. Сондықтан біз, Италия отарлары туралы-мәселені шешкенде жеке қамқорлық ету-принципін елемеге болмайды деп ойлай-мыз.

СҰРАУ: Советтер Одағы Италия отар-ларының біреуін өзінің жеке қамқорлығы-на беруді талап етті ме?

ЖАУАП: Мен тағы да айтамын, бұл мә-селе әлі министрлер кеңесінде талқыла-нып жатқандықтан, мен бұл талқылау-аяқталғанға дейін ол туралы айтқым кел-мейді.

СҰРАУ: Сіз Додеканез аралдарын отар-деп есентейсіз бе, Италия отарлары тура-лы мәселеге байланысты бұл аралдар ту-ралы мәселе талқыға салына ма?

ЖАУАП: Әрине, Додеканез аралдары-отар емес. Бұл аралдар туралы мәселе қа-ралуда, бірақ отарлар туралы мәселе ре-тінде емес, әрине, Италияның өзінде қал-мауға тиісті Италияның бұл отарлары-ның келешектегі тағдыры туралы мәселе-ретінде қаралуда.

Сыртқы Істер Министрлері Кеңесінің мәжілісі туралы білдіру

ЛОНДОН, 22 сентябрь. (ТАСС). Сырт-қы Істер Министрлері кеңесінің бүгін түс-тен кейін болған мәжілісінде В. М. Моло-тов председательлік етті. Мәжілісте күн-

тәртібіндегі мәселелер талқыланды. Кеңес-тің келесі мәжілісі дүйсенбі күні таң-ертенгі сағат 11де болады.

Францияның Сыртқы Істер Министрі Бидо Молотов жолдастың хұрметіне қабылдау жасады

ЛОНДОН, 22 сентябрь. (ТАСС). 21-сентябрьде кешкілікте Францияның Сырт-қы Істер Министрі Бидо ССРО Сыртқы

Істер Халық Комиссары В. М. Молотов-тың хұрметіне қонақасы берді.

Венадағы одақтастар аралық комендатураның мәжілісі

ВЕНА, 22 сентябрь. (ТАСС). Венадағы-одақтастар аралық комендатураның Аме-рика генералы Люнстедтің председателдік-етуімен болған соңғы мәжілісінде Венада-азық-түлікпен келешекте де жабдықтау-беру мәселелерімен қатар, босқындар жо-ніндегі мәселе де егжей-тегжейіне дейін-талқыланды. Венадан шет ел босқындарын тезірек көшіру мақсатында шара-

лар белгілеу үшін арнаулы комиссия құ-рылды. Бұл комиссия оккупациялаушы-төрт мемлекеттің командованиясына өз-ұсыныстарын тапсыруға тиісті.

Сол сияқты, мәжілісте спорт комиссия-сының одақтастардың оккупациялаушы-әскерлерінің спорт ойындарын ұйымдас-тыру туралы ұсынысы мақұлданды.

болған емес.

Ел ішінде сайлау алдындағы қызу кү-рес өріс алды. Мұның барысында оппози-ция өкілдері еркін жағдайда өздерінің-партияларын құрып, газеттерін шығару-ға, Отан майданының қатарындағы төрт-саяси партия өте-мөте көп депутаттар-ұсынды. Бұлар кандидаттардың біртұтас-тізімі мен программа ұсынды. Сайлау про-граммасы болғар халқының негізгі мүдде-лерін қорғауды көздейді. Сыртқы саясат-жөнінде Балканда және бүкіл дүние жү-зінде баянды бейбітшілікті жүзеге асыру. Біріккен Ұлттардың уставына қосылу. Болгарияны азат етуші совет халқымен-тығыз достық жасау, барлық демократия-шы елдердің халықтарымен достық қа-рым-қатынасты нығайту үшін күрес-ісін көздейді. Программа мұнымен қатар, не-ідді жеккөрушілікке және фашистік идеоло-гияға қарсы күрес жүргізуді, халыққа-сөз, жыйылыс және ұйым құру бостанды-ғын әперуді, елдің шаруашылығын тез-қалпына келтіру жөнінде шара белгілеуді-көздейді.

Бұл демократияшы программаны бүкіл-болғар халқының қолдайтындығына күмән-жоқ. Сондықтан отан майданының демо-кратияшы программасына және оның кан-дидаттарына қарсы шығып отырған болтар-кертартпашыларының жаңталасын зұлым-дық істеуі өзінен-өзі түсінікті.

Демократияшы Югославияда да құрыл-тай жыйылысына (скупщинаға) са-йлау алыс емес. Ба-с-министр және халық майданының предсе-датеі маршал Тито мәлімдеген бұл сай-лау 11 ноябрьге белгіленді. Югославия-ның уақытша халықтық құрылтай жыйы-лысының жақын арада аяқталған сессия-сы жаңа сайлау заңын қабылдады, бұл-заң Югославияда сайлауға қалың халық-бұхарасының қатысуына тұңғыш рет-мүмкіншілік береді.

Жаңа Югославияның дұшпандары

Сталин атындағы қолөнершілер артелі-станция базарындағы аяқ киім жөн-дейтін № 2 бөлімшесінің мастерской бас-тығының ауысқандығын хабарлайды. Аяқ-киімдерін жөндеуге берген азаматтар-25 сентябрьге дейін жаңа бастыққа келіп-қайтадан тіркелуге тиіс.

Көрсетілген мерзімнен кейін шағымдар-қабылданбайды.

БАСҚАРМА.

Петропавл станциясының жол-техника-мектебі және Петропавл жол қатынас-бөлімінің қызметкерлер бөлімі станция де-журныйларын және таразышылар дайында-йтын курстарға оқушылар қабылдайды. Курсқа 17 жаспен асқан, 6 клас көлемін-де білім бар ер-әйел азаматтар алынады.

Оқушылар әй сайын 200 сом стипендия-мен және бірінші дәрежелі азық-түлік кар-точкасымен қамтамасыз етіледі.

Станция дежурныйларын дайындайтын-курста оқу мерзімі 8 ай, таразышылар да-йындайтын курста—бір ай.

жұмсауы мүмкіндік берді.

Бұл елдердің сайлау заңдарының кей-бір жалпы сипаттары бар: олар демокра-тияның жеңістерін баянды етеді, халық-тын қалып тобын саяси өмірге бейімдей-ді, болашақ парламенттерді фашистер-мен соғыс қылмысшыларының өшіп-кет-уінен алды-ала сақтайды.

Міне сондықтан да алдағы уақытта бо-латын сайлауларда Болгарияда гетов-шылар, Югославияда Мачек сияқты кер-тартпалар, Румынияда Маниу, Братіану-және Радеску сияқты кертартпалар мен-фашистерді жақтаушы сұрқиялар жаңта-ласып өлермәңдікпен күрес жүргізгің баға-ды. Демократияшы парламенттерді сай-лаудан, демократияны нығайтудан кер-тартпашылар өздерінің құрыптындығын-бізеді.

Болгарияда, Югославияда, Венгрия мен-Румынияда алдағы уақытта болатын де-мократияшы сайлауларда гректің монар-хияшыл фашистік сұрқияларының және-Грецияның қазіргі үкіметінің король мәс-елесі жөнінде «қайта сайлау» және одан-кейін сайлау өткізуге әрекет істей-тіндігі айқын. Халықты, демократияшы-және республикашыл барлық партиялар-мен ұйымдарды террорға ұшырату жар-дайында бұл сайлаулар грек либералда-рының басшысы Софулистің айтуы бойын-ша көз болушылық болады. «Либералдар-партиясы,—деп мәлімдеді Софулис,—бұл-сияқты «қайта сайлау» мен «сайлаулар-ға» байкот жасайды».

Грек кертартпашыларының бұл әреке-тін Грецияның демократияшы және рес-публиканы барлық партиялары мен-ұйымдары осы сияқты қатаң сынады.

А. ШАТИЛОВ.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

Арыздарды Петропавл жол қатынас бө-лімінің қызметкерлер бөліміне қызмет уа-қытында тапсыруға болады.

Петропавл станциясындағы № 2 темір-жол училищесі оқушылар қабылдайды.

Училище паровоз машинашыларының кө-мекшілерін, автотормоз жөндеуші слесарь-лар, вагон жөндеуші слесарьлар, токарь-лар дайындап шығарады.

Училищеге 4 класс көлемінде білімі бар-14—15 жастағы ер балалар, 15—16 жас-тағы қыз балалар қабылданады.

Оқуға кірушілердің қолында паспортты, немесе тұтқан жылы туралы куәлік, білімі-туралы және азық-түлік карточкаларын-тапсырғандығы туралы анықтама болуы-керек.

Солтүстік Қазақстан облыстық Май өн-діріс тресіне аппаратта жұмыс істеу-үшін бас бухгалтердің орынбасары, аға-бухгалтер, тексеруші бухгалтер керек.

Адресі: Петропавл қаласы, Карағанды-көшесі, 27-үй.